


ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

АДАМДЫ АЛДАУ –
АР АЛДЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС



Қаржы пирамидасын ұйымдастырушылардың схемасы белгілі. Жылтыр сөзбен байытып жүргендердің тізімі жасалып, ашық дереккөздерде ұдайы айтылып жүргенімен, қаржы пирамидасына ақшасын салып, алданып қалып жатқандар көп. Бас прокуратураның мәліметінше 2023 пен 2025 жыл аралығында Қазақстанда қаржы пирамидасынан келген залал 36 миллиард теңгеге жеткен. Жәбірленушілер қатары да қалың. Есепті үш жыл ішінде 3 мыңнан астам азамат қаржысынан қағылған.

(Жалғасы 2-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Ахгүль Хусаян, балалар психологы:

«СУИЦИД ҚИЫНДЫҚТАН
ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ ЕМЕС»

Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық саулығы бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Мамандардың айтуынша, суицидтік мінез-құлықтың алдын алуда қауіп бөліктерін дер кезінде байқау, баланың эмоциялық жағдайына мән беру және отбасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру ерекше маңызды. Осы тақырып аясында психотерапевт және балалар психологы Ахгүль Хусаянмен сұхбаттасып, балаларды суицидтік ойға итермелейтін негізгі себептер, қауіп белгілері және ата-ананың рөлі туралы әңгімелестік.

– Балалар мен жасөспірімдерді суицидтік ойға итермелейтін себептер көп пе?

– Суицидтік мінез-құлыққа көбінесе психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара ықпалы әсер етеді. Ең алдымен, баланың өмірге деген қызығушылығының төмендеуі, үмітсіздік сезімінің күшеюі және дер кезінде психологиялық қолдау алмауы үлкен қауіп тудырады. Мұндай ескерту белгілері уақытында байқалмаса, бала өмірден күдерін үзіп, болашаққа деген сенімін жоғалтуы мүмкін. Әсіресе жасөспірімдік кезең психологиялық тұрғыдан өте күрделі. Бұл уақытта бала өзінің жеке тұлғасын, өмірдегі орнын іздейді, эмоциялық тұрақсыздықты бастан кешіреді. Бір жағынан ол өзін әлі бала ретінде сезінсе, екінші жағынан ата-анасы оны ересек адам ретінде қабылдап, үлкен жауапкершілік жүктейді. Осындай ішкі қайшылықтар баланың психологиялық күйіне әсер етеді. Бұған қоса, әлеуметтік желілердегі жағымсыз контент пен суицидті қиындықтан шығудың жолы ретінде көрсететін ақпараттар да жасөспірімдердің дүниетанымына ықпал етуі мүмкін.



Алайда суицидтік ойлардың негізгі себебі көбіне ауыр депрессиялық жағдаймен байланысты болады. Тәжірибемде суицидтік мінез-құлық белгілері байқалған балалардың басым бөлігінде – терең үмітсіздік, дәрменсіздік және бойында жалғыздық сезімінің басым екендігі байқалды. Олар болашақтан үміт көрмейді, өзін түсінетін немесе қолдайтын адамның жоқ екеніне сене бастайды. Ал мұндай жағдайда бала үшін өзін маңызды әрі бағалы сезіндіретін бір адамның болуының өзі үлкен психологиялық тірекке айналады.

Сонымен қатар отбасындағы жанжалдар, ата-анамен түсініспеушілік, құрдастар тарапынан болатын буллинг те негізгі қауіп факторларының қатарына жатады. Ересек адам қиындықтарды еңсеруге психологиялық тұрғыдан дайын болса, жасөспірім ауыр эмоциялармен күресудің жолын әрдайым таба бермейді. Сондықтан уақытша қиындықты өмірдің соңы сияқты қабылдап, өзіне қол жұмсау туралы ойларға баруы мүмкін.

(Жалғасы 4-бетте)

БЕЗБЕН

ҚҰҚЫҚ ӘЛІППЕСІН
МЕКТЕПТЕ ОҚЫТҚАН
ДҰРЫС ПА?

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің мектептерінде бірқатар жаңа пәндер оқытыла бастайды. Олардың қатарында 5-7 сыныптарға енгізілетін «Заң мен тәртіп» курсы және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Жеке қауіпсіздік» пәні бар. Білім және ғылым саласындағы бұл өзгерістердің басты мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру және күнделікті өмірде кездесетін түрлі қауіп-қатерлерден қорғана білуге үйрету. Дегенмен жаңа пәндердің енгізілуі қоғамда өртүрлі пікір туғызды. Бірі мұны уақыт талабынан туған маңызды бастама деп бағаласа, енді бірі оқушылардың оқу жүктемесінің артуына алаңдаушылық білдіруде. Осыған орай жаңа пәндердің мазмұны, олардың оқушы тәрбиесіндегі орны мен маңызы туралы медиа саласының өкілі Карима Жұмағали мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Гүлмира Жайымбаеваның пікірін білген өдік.

«Құқықтық
сауаттылық қоғамның
іргесін нығайтады»

– Карима ханым, мектеп бағдарламасына «Конституция негіздері» пәнінің енгізілуін қалай бағалайсыз?

– Меніңше, бұл өте орынды әрі уақыт талабына сай қабылданған шешім. Себебі, бүгінгі таңда балалар ақпаратты негізінен әлеуметтік желілерден алады. Алайда ондағы мәліметтердің барлығы бірдей дұрыс немесе сенімді бола бермейді. Сондықтан құқықтық білімнің негізін мектептен бастап жүйелі түрде беру өте маңызды. Конституцияны оқыту балаларға заң баптарын жаттатумен ғана шектелмеуі керек. Ең алдымен әр азаматтың құқықтары мен міндеттері, заң алдындағы жауапкершілігі, мемлекет пен қоғам алдындағы орны түсіндірілгені жөн. Өз құқығын білетін адам өзгенің де құқығын құрметтеуді үйренеді. Бұл өз кезегінде құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Қоғамда құқықтық сауатсыздық салда-

рынан туындайтын түрлі мәселелер кездеседі. Кейбір азаматтар өз құқықтарын білмегендіктен әділетсіздікке тап болса, енді бірі заң талаптарын білмегендіктен құқық бұзушылыққа жол береді. Осындай жағдайлардың алдын алудағы ең тиімді жол – сапалы білім беру. Сондықтан бұл пәннің мектеп бағдарламасына енгізілуін оң бағалаймын.

– Ал, бағдарламаға енгізілетін «Жеке қауіпсіздік» пәнінің маңызы неде деп ойлайсыз?

– Қазіргі қоғамдағы қауіп бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Интернеттегі алаяқтық, кибербуллинг, жалған ақпараттың таралуы, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас, жеке деректердің қауіпсіздігі сияқты мәселелер балалардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Сондықтан қауіпсіздік туралы білім тек төтенше жағдайларда әрекет етуді ғана емес, ақпараттық кеңістікте де өзін қорғай білуді қамтуы тиіс.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ

Геосаяси текетіресте
ойын құралына
айналып кетпеу
маңызды

5-БЕТ

Ерекше жандарға
қызмет ету үшін
ерекше жүрек
керек

8-БЕТ

Сауатты көліссөз
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ
ДИАЛОГТЫ
НЫҒАЙТАДЫ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

АДАМДЫ АЛДАУ –
АР АЛДЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғары пайыздық үстемемен мол табыс табуды ұсынатындар неғұрлым көп адам тарту арқылы қаржысын көбейтуді мақсат етеді. Тілдері майда, уәделері шексіз жандардың соңына ілескендер өзі алданғанымен қоймай, жақындарын да күмәнді ұйымға тартып, қаржылық қиындыққа жетелейтіні өкінішті.

Қаржы пирамидаларына қатаң тыйым салып, халықтың алдануына жол бермеу үшін мемлекетте қолға алынып жатқан шаралар аз емес. Айталық 2026 жылдың қаңтарында «Тұтыну кооперативтері туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, қатысушылар саны 200-ге дейін шектеліп, мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікті сатуға тыйым салу заңдық тұрғыда бекітілді.

Қадағалаушы орган да қырағы жұмыс істеуде. Бас Прокуратура органдары Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп қаржы пирамидасының алдын алуға қажетті барлық мүмкіндікті қолға алып келеді. Соның нәтижесінде еліміздегі интернет-кеңістіктегі 47 жалған қаржылық жобаның жолы кесілген. Бұдан бөлек халық көп тұтынатын «WhatsApp», «Telegram»

және «Instagram» әлеуметтік желілеріндегі күмәнді 292 чат пен аккаунт жабылды. Мұндай жұмыстарды нәтижелі іске асыруда Бас прокуратураның «Кибер бақылау», «Кибер-надзор» жүйесінің көмегі жоғары. Осы жүйені сапалы жүзеге асыру нәтижесінде қаржы пирамидасының белгілері бар 11,7 мың сайт бұғатталғанын айта кеткен жөн.

Сонымен қатар Қаржылық мониторинг агенттігі де «Baiqa, piramida!» телеграм ботын іске қосқан. Бұл агенттіктің көмегімен азаматтар компанияда қаржы пирамидасы белгілерінің бар-жоғын тексере алады.

Қаржы пирамидаларынан, сақтанудың тәсілі қарапайым. Біріншіден, әрбір азамат кез келген компанияға немесе жобаға ақша салмас бұрын, оның ел аумағында заңды түрде тіркелгенін тексеруі керек. Ол үшін Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланатын күдікті ұйымдар мен қаржы пирамидаларының тізімін қарап шыққан абзал. Екіншіден, әлеуметтік желілердегі тез әрі кепілдендірілген жоғары пайда, тым көтерме пайыз ұсынатын күмәнді жарнамалардан сақ болған дұрыс.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Елімізде заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытында сот жүйесіне ерекше жауапкершілік жүктелген. Сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуы судьялардың кәсіби біліктілігімен қатар, соттардың ұйымдастырушылық қызметінің тиімділігіне де тікелей байланысты.

СОТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Сондықтан сот қызметін ұйымдастыру – сот төрелігінің сапасына әсер ететін маңызды бағыттың бірі. Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі – соттардың тәуелсіз қызметіне қажетті жағдай жасап, олардың ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган. Оның негізгі міндеті – судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруына барлық қажетті жағдай жасап, соттардың үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті өңірдегі соттардың қызметін ұйымдастыру, материалдық-техникалық базасын нығайту, ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және сот инфрақұрылымын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Қазіргі таңда сот жүйесін цифрландыру – уақыт талабы. Бұл бағытта енгізілген электрондық сервистер азаматтардың сотқа жүгіну тәртібін едәуір жеңілдетіп, сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Азаматтар талап қою, өтініш жолдау, сот актілерін алу сияқты қызметтерді электрондық форматта пайдаланып, өз уақытын үнемдеуде. Мұндай өзгерістер халыққа қолайлы жағдай жасап қана қоймай, сот жүйесіне деген сенімді нығайтуға да ықпал етеді. Сонымен бірге, сот ғимараттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олар-

ды заманауи техникалық құралдармен жабдықтау, құжат айналымын жетілдіру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметтік әдеп қағидаттарын сақтау мәселелері де тұрақты бақылауда.

Сот әкімшілігі қызметкерлерінің еңбегі көп жағдайда көпшілікке көріне бермейді. Алайда олардың күнделікті атқаратын жұмысы соттардың қалыпты жұмыс істеуіне, істердің уақытылы қаралуына және азаматтарға сапалы қызмет көрсетуіне негіз болады. Сондықтан сот қызметін ұйымдастыру саласында еңбек ететін әрбір қызметкердің кәсібилігі, жауапкершілігі мен адалдығы сот жүйесінің тиімді қызметіне тікелей әсер етеді.

Бүгінде қоғам сот жүйесінен ашықтықты, әділдікті және жоғары жауапкершілікті күтеді. Осы талаптарға сай болу үшін сот әкімшілігі де өз қызметін үнемі жетілдіріп, заманауи басқару тәсілдерін енгізуге, цифрлық технологияларды дамытуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға басымдық беріп келеді. Алдағы уақытта да Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті соттардың тиімді қызметін ұйымдастыру, азаматтарға қолайлы жағдай жасау және сот жүйесіне деген



Маржан АЛИМБЕТОВА,
ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

қоғамдық сенімді нығайту бағытындағы жұмыстарын жалғастыра береді. Себебі, сот қызметін сапалы ұйымдастыру – әділ сот төрелігінің кепілі, ал әділ сот – құқықтық мемлекеттің басты құндылықтарының бірі.

Әділдік үстемдік құрған қоғамда заңға деген құрмет артып, азаматтардың мемлекетке деген сенім нығая түседі. Осы жолда сот қызметін ұйымдастыру саласында атқарылып жатқан әрбір жұмыс заң үстемдігін қамтамасыз етуге және құқықтық мемлекет қағидаттарын орнықтыруға бағытталған маңызды қадам болып қала береді.

КНЕ

ТІЛІ ҮСТЕМ ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК

Тіл – әрбір халықтың ең асыл қазынасы, ұлттық болмысы мен рухани дүниесінің айнасы. Әр ұлт өз тілін ғасырлар бойы қалыптастырып, оны көлер ұрпаққа аманат етеді. Сондықтан ана тілін құрметтеу – туған жерді, елді, тарих пен мәдениетті құрметтеумен тең.

Қазақ тілі – көне түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, тарихы терең, сөздік қоры аса бай тіл. Оның бастауын Орхон-Енисей жазбаларынан, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи сынды ұлы ойшылдардың еңбектерінен көруге болады. Мыңжылдықтардан жеткен бұл тіл – халқымыздың рухани мұрасы әрі тәуелсіздігіміздің басты нышаны.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондай-ақ, «Тіл туралы» заң мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, оны дамыту мен қорғаудың құқықтық негізін белгілейді. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде сот жүйесінде кеңінен қолданылуы – мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының басым бағыттарының бірі.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы заңмен нақты реттелген. Азаматтық процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа ұсынылған талап қоюдың немесе өзге де іс материалдарының тіліне байланысты айқындалады. Яғни, талап қою мемлекеттік тілде берілсе, іс те мемлекеттік тілде қаралады. Бұл қағида азаматтардың сот алдындағы теңдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге де ықпал етеді.

Осыған байланысты мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыру ең алдымен азаматтардың, мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының сотқа жолдайтын құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуіне тікелей байланысты. Мемлекеттік

тілдегі талап қоюлар мен процестік құжаттардың көбеюі сот өндірісіндегі қазақ тілінің үлесін арттырады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек республика бойынша аудандық және оған теңестірілген соттарда 2025 жылдың алты айында қаралған 549 676 істің 230 855-і немесе 42 % мемлекеттік тілде қаралған. Ал 2026 жылдың осы кезеңінде қаралған 629 578 істің 214 537-сі немесе 34 % ғана мемлекеттік тілде. Бұл көрсеткіш мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу үлесін арттыру бағытындағы жұмысты одан әрі жандандырудың маңыздылығын көрсетеді.

Осы ретте азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде сотқа жүгінуін ынталандыру, мемлекеттік органдардың құжат айналымын то-

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек республика бойынша аудандық және оған теңестірілген соттарда 2025 жылдың алты айында қаралған 549 676 істің 230 855-і немесе 42 % мемлекеттік тілде қаралған. Ал 2026 жылдың осы кезеңінде қаралған 629 578 істің 214 537-сі немесе 34 % ғана мемлекеттік тілде. Бұл көрсеткіш мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу үлесін арттыру бағытындағы жұмысты одан әрі жандандырудың маңыздылығын көрсетеді.

лықтай қазақ тілінде жүргізуі және мемлекеттік тілдің күнделікті қолданыс аясын кеңейту де ерекше маңызға ие. Мемлекеттік тілдің беделі заң талаптарын орындаумен ғана емес, оны күнделікті өмірде кеңінен қолданумен де өлшенеді.

Тәжірибеде мемлекеттік тілде сот ісін жүргізудің үлесін арттыруға кедергі келтіретін жағдайлар да кезде-

седі. Мәселен, кейбір банктер мен микроқаржы ұйымдары талап қоюларын сотқа орыс тілінде жолдайды. Қолданыстағы процестік заңнамаға сәйкес іс жүргізу тілі талап қою тілімен айқындалатындықтан, мұндай істер де орыс тілінде қаралады. Ал жауапкер немесе басқа қатысушылар істі мемлекеттік тілде жүргізу туралы өтініш білдірген жағдайдың өзінде, талап қоюшы тарап кейде іс жүргізу тілін өзгертуге қарсылық танытады. Соның салдарынан мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыруға мүмкіндік толық пайдаланылмай келеді.

Мысалы, Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында 2026 жылдың алты айында банктер мен микроқаржы ұйымдарынан түскен 90 талап қоюдың 3-і ғана қазақ тілінде берілген.

Осыған байланысты мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданылу аясын кеңейту үшін азаматтардың ғана емес, банктердің, микроқаржы ұйымдарының және өзге де заңды тұлғалардың сотқа жолдайтын талап

қоюлары мен процестік құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуіне ерекше назар аудару қажет. Бұл мемлекеттік тілдің беделін арттыруға және сот ісін жүргізудегі үлесін көбейтуге оң әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, сот төрелігін жүзеге асыру барысында іске қатысушылардың құқықтарының толық сақталуына ерекше назар аударыла-



ды. Іс жүргізу тілін білмейтін немесе жеткілікті меңгермеген тұлғаларға аудармашының қызметі қамтамасыз етіледі. Бұл – әр азаматтың өз ана тілінде немесе өзі меңгерген тілде өз құқықтарын қорғауына берілген заңды кепілдік. Сонымен қатар, сот ісін жүргізу тілін заң талаптарына сәйкес сақтау қабылданатын сот актілерінің заңдылығы мен негізділігінің маңызды кепілі болып табылады.

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соттағы іс жүргізу құжаттары заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде рәсімделіп, азаматтардың қазақ тілінде өтініш беруіне барлық қажетті жағдай жасалған. Судьялар мен сот қызметкерлері мемлекеттік тілді еркін меңгерген және сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда.

Менің пікірімше, мемлекеттік тілдің дамуы ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің ұстанымына байланысты. Себебі олар мемлекеттік саясатты тікелей жүзеге асыратын негізгі буын болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілді күнделікті қызметінде кеңінен қолдануы қоғамға үлгі болып, азаматтардың қа-

зақ тіліне деген құрметін арттырады және оның қолданылу аясын кеңейтуге өз әсерін тигізеді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек соттардың немесе мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – әрбір азамат пен заңды тұлғалардың жауапкершілігі. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту әрқайсысымыздың күнделікті өмірімізден басталады. Азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде талап қоюы, өтініш жасауы және ресми қарым-қатынаста қазақ тілін таңдауы мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайтып, оның сот жүйесіндегі қолданылу үлесінің артуына ықпал етеді.

«Тіл – ұлттың жаны» деген қанатты сөздің мәні ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Ана тілін ардақтау – өткенді құрметтеу, бүгінді бағалау және болашаққа сеніммен қадам басу. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның сот жүйесіндегі қолданыс аясын кеңейту және оны келер ұрпаққа таза күйінде жеткізу – әрбір азаматтың ортақ парызы. Мемлекеттік тілдің мерейі үстем болған елдің еңсесі әрқашан биік болмақ.

Н.АЛИМБЕК,
Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотының судьясы

СҰХБАТ

– Қазақстанның бітімгерлік бастамалары қазіргідей халықаралық жағдайда қанишалықты тиімді?

– Жалпы, халықаралық тәжірибеге қарасақ, қандай да бір әскери қақтығыс орын алған кезде оның тағдыры көбіне ірі әскери және экономикалық державалардың ұстанымына байланысты болады. Өйткені олардың қолында экономикалық қысым көрсету, дипломатиялық ықпал ету немесе қажет болған жағдайда әскери тетіктерді пайдалану сияқты мүмкіндіктер бар. Осындай құралдардың көмегімен олар қақтығысушы тараптарды соғысты тоқтатуға мәжбүрлей алады. Ал егер мұндай ықпал ету тетіктері нәтиже бермесе, онда, өкінішке қарай, жанжал көбіне тараптардың бірінің жеңісімен аяқталады.

Қақтығыс аймағына бітімгерлік күштерді енгізу – негізінен уақытша шешім. Олар атысты тоқтатуға, тараптарды бір-бірінен ажыратуға немесе гуманитарлық жағдайды жеңілдетуге ықпал етуі мүмкін. Бірақ мұндай миссиялар жанжалдың түпкі себебін жоймайды. Сондықтан уақыт өте келе қақтығыстың қайта өршу қаупі сақталады. Осы тұрғыдан алғанда бітімгерлік күштердің тиімділігі белгілі бір деңгейде шектеулі.

– Қазақстанның ядролық қарусыздану тәжірибесі халықаралық қоғамдастық үшін қанишалықты маңызды үлгі бола алды?

– Меніңше, Қазақстанның тәжірибесі – өте маңызды әрі оң тәжірибе. Еліміз ядролық қарудан бас тартқан мемлекет ретінде әлемге танылды. Бірақ бұл шешімнің қабылдануына әсер еткен тарихи жағдайларды да ұмытпау керек. «Біз ядролық қарудан өз қалауымызбен бас тарттық» деу шындыққа сәйкес келмейді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін әлемдегі жетекші ядролық державалар – ең алдымен АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания және Франция ядролық қарудың таралуына жол бермеуге мүдделі болды. Сондықтан Қазақстанға бұл қарудан бас тарту жөнінде елеулі саяси әрі дипломатиялық қысым жасалды. Егер біз басқаша шешім қабылдасақ, халықаралық санкциялар енгізілуі де мүмкін еді. Оған қоса, ядролық арсеналды сақтауға орасан зор қаржы керек. Бір ғана ядролық октұмсықты күтіп ұстаудың өзі жыл сайын миллиондаған доллар шығынды қажет етеді. Ал тоқсаныншы жылдардың басындағы еліміздің экономикалық жағдайын ескерсек, мұндай ауыртпалықты Қазақстанның көтеруі мүмкін емес еді. Сондықтан бұл белгілі бір дәрежеде мәжбүрлі әрі сол кезеңнің шынайы жағдайынан туындаған шешім болды. Соған қарамастан біз бұл шешімді өзіміздің маңызды дипломатиялық артықшылығымызға айналдыра алдық. Өйткені мәселе ядролық қарудан не себепті бас тартқанымызда емес, ең маңыздысы – одан кейін қандай мемлекетке айналғанымызда. Қазақстан ядролық қарудан бас тарта отырып, күрделі геосаяси ортада өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды, аумақтың тұтастығын нығайтты және барлық негізгі халықаралық серіктестерімен өзара тиімді қарым-қатынас орната білді. Бұл қауіпсіздікті тек әскери қуатпен емес, байыпты, икемді әрі тиімді дипломатия арқылы да қамтамасыз етуге болатынын дәлелдейтін мысал.

– Ядролық қаруды басымдық ретінде көрсету қанишалықты дұрыс?

– Қазақстанның тәжірибесі, сөзсіз, маңызды. Өйткені біз ядролық қарудан бас тартқаннан кейін де тиімді сыртқы саясат жүргізуге болатынын дәлелдей алдық. Бұл – Қазақстанның ең басты жетістігі. Яғни, негізгі мәселе ядролық

Ғазиз Әбішов, саясаттанушы:

«ГЕОСАЯСИ ТЕКЕТІРЕСТЕ ОЙЫН ҚҰРАЛЫНА АЙНАЛЫП КЕТПЕУ МАҢЫЗДЫ»



Біз ядролық қарудан бас тартқаннан кейін де тиімді сыртқы саясат жүргізуге болатынын дәлелдей алдық. Бұл – Қазақстанның ең басты жетістігі. Яғни, негізгі мәселе ядролық қаруды қандай жағдайда тапсырғанымызда емес, ядролық қарудан кейінгі кезеңде мемлекеттің өзін қалай көрсете алғанында. Қазақстан күрделі геосаяси аймақта орналасқанына қарамастан, егемендігін сақтап қалды, халықаралық беделін нығайтты және әлемнің негізгі саяси орталықтарымен теңгерімді қарым-қатынас орнатты.

қаруды қандай жағдайда тапсырғанымызда емес, ядролық қарудан кейінгі кезеңде мемлекеттің өзін қалай көрсете алғанында. Қазақстан күрделі геосаяси аймақта орналасқанына қарамастан, егемендігін сақтап қалды, халықаралық беделін нығайтты және әлемнің негізгі саяси орталықтарымен теңгерімді қарым-қатынас орнатты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның тәжірибесі Иран, Солтүстік Корея және ядролық қаруға ұмтылып отырған басқа мемлекеттер үшін маңызды сабақ бола алады. Ол ядролық қарудың болмауы мемлекеттің әлсіздігін білдірмейтінін, ең бастысы – сауатты сыртқы саясат жүргізе білу екенін көрсетеді.

Қазіргі халықаралық жағдайдың тағы бір шындығын мойындау керек. Өкінішке қарай, әлемде ядролық қаруға не мемлекеттердің іс-әрекеті көптеген елдер үшін Қазақстанның тәжірибесінен гөрі ықпалдырақ болып отыр. Мысалы, Ресейдің Украинаға қарсы соғысында ядролық қарудың болуы халықаралық қауымдастықтың тікелей әскери араласуын тежеп отырған негізгі фактордың бірі саналады. Солтүстік Корея да сыртқы саясаттағы батыл әрекеттеріне және

ішкі тоталитарлық жүйесіне қарамастан, белгілі бір деңгейде өзінің ядролық әлеуетінің арқасында қауіпсіздік кепілдігіне ие болып отыр. Израиль де қажет болған жағдайда өзінің ядролық әлеуетін пайдалана алатынын жоққа шығармайды. Мұндай мысалдар ядролық қаруға не болуды ойлайтын мемлекеттер үшін өте күшті дабыл. Сондықтан Қазақстанның бейбіт жолды таңдаған тәжірибесі қаншалықты маңызды болғанымен, қазіргі халықаралық ахуалда ол әрдайым шешуші үлгіге айналып отыр деу қиын.

Егер болашақта қандай да бір мемлекет ядролық қаруды нақты қолданатын болса, онда бүгінгі таңда технологиялық және ғылыми әлеуеті жеткілікті, бірақ әзірге ядролық қаруы жоқ мемлекеттердің өздері де мұндай қаруды иеленуге ұмтылуы ықтимал. Сондықтан қазіргі кезеңде ядролық қаруды таратпау режимін сақтау бұрынғыдан да күрделі міндетке айналып отыр.

– Орта державалардың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі қандай?

– Меніңше, бүгінгі таңда орта державалар үшін ең басты қағида – ұлы державалардың геосаяси текетіресінде ойыншы емес, ойын құралына айналып кетпеу. Бұл – қазіргі халықаралық саясаттағы ең маңызды міндеттің бірі. XIX–XX ғасырда әлемнің жетекші державалары мен дамушы елдердің саяси элиталарының тәжірибесі мен стратегиялық

де сенімнің жоғары болуының басты себебі неде?

– Меніңше, бұл жерде ең маңызды фактор – Қазақстанның өзі қалыптастырған сенім капиталы. Өңгіме біздің әлемдегі кез келген жанжалды шеше алатынымызда емес. Біздің артықшылық – сыртқы саясаттағы прагматизмде. Картаға қарап, тарихты зерделеген кез келген сарапшы Қазақстанның екі алып көрші – Ресей мен Қытайдың ортасында орналасқанын жақсы түсінеді. Мұндай геосаяси жағдайда тепе-теңдікті сақтау оңай емес. Соған қарамастан еліміз осы мемлекеттермен тату көршілік қатынасты сақтай отырып, Түркі мемлекеттері ұйымымен ынтымақтастықты дамытып келеді. Сонымен бірге Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерімен, Еуропамен, АҚШ-пен және басқа да халықаралық әріптестермен байланысын жүйелі түрде нығайтып отыр. Бұл – көпвекторлы саясаттың нақты көрінісі. Қазақстан қандай да бір идеологиялық ұстанымдардың жетегінде кеткен мемлекет емес. Біз, ең алдымен, ұлттық мүддеге сүйенетін прагматикалық саясат жүргіземіз. Сондықтан халықаралық әріптестер Қазақстанмен ашық сөйлесуге де, келіссөз жүргізуге де болады деп санайды. Ең бастысы – Қазақстан ешкімнің ықпалындағы мемлекет ретінде қабылданбайды. Меніңше, дәл осы сенім факторы еліміздің маңызды дипломатиялық капиталы болып отыр.

– Алдағы уақытта Қазақстан халықаралық деңгейде қандай бастамаларды ілгерілете алады деп ойлайсыз?

– Жалпы халықаралық қатынастарда мемлекеттердің түрлі одақтарға бірігуі немесе қайта бөлінуі – табиғи әрі қайталанып отыратын үдеріс. Сондықтан болашақта да әртүрлі халықаралық альянстар құрылады. Бірақ олар бұрынғыдай ондаған жылға немесе ғасырға есептелген құрылымдар болмайды. Керісінше, нақты мәселелерді шешуге бағытталған икемді әрі уақытша әріптестік форматы көбейеді. Ал Қазақстанның жаңа ірі геосаяси бастамалар ұсынуына келсек, қазіргі жағдайда бұл оңай емес. Себебі халықаралық саясаттың күн тәртібін көбіне ұлы державалар айқындап отыр. Дегенмен Қазақстан өзінің мүмкіндігін басқа бағыттарда тиімді пайдалана алады. Мысалы, экологиялық қауіпсіздік, трансшекаралық су ресурстарын басқару, су қауіпсіздігі, климаттың өзгеруі, энергетикалық трансформация және цифрландыру мәселелері – еліміз халықаралық деңгейде нақты үлес қоса алатын салалар.

Өрине, бүгінгі күні экономикамыз көмір энергетикасына айтарлықтай тәуелді. Сондықтан жаңыл экономикаға бірден көшу мүмкін емес. Бірақ баламалы энергия көздеріне жүйелі инвестиция салу арқылы болашақта экологиялық бастамалар көшбасшыларының біріне айналуына толық мүмкіндік бар. Сол сияқты цифрлық технологияларды дамыту да маңызды бағыттың бірі. Өзірге көптеген технологиялар Батыс елдерінде әзірленіп жатқанымен, оларды тиімді енгізу және цифрлық трансформацияны жеделдету арқылы Қазақстан халықаралық деңгейдегі өз орнын нығайта алады

Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ҚҰРЫЛТАЙ

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ахгүль ХУСАЯН,балалар психологы:

«СУИЦИД ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ ЕМЕС»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы уақытта жасөспірімдермен жұмыс барысында тағы бір маңызды факторды жиі байқаймын. Ол – болашаққа деген қорқыныш пен өзін құнсыз сезіну. Кейбір балалар ата-анасының немесе айналасының жоғары үмітін ақтай алмаған кезде өзін толықтай сәтсіз адам ретінде қабылдайды. Жетістікке ғана басымдық берілетін ортада өскен бала емтиханнан немесе басқа бір сынақтан сүрінсе, мұны өз құндылығының жоғалғанының дәлелі ретінде қабылдауы ықтимал. Соның салдарынан өмірдің мәнін жоғалтқандай күй кешіп, ауыр эмоциялармен жалғыз қалып, суицидтік ойлардың пайда болу қаупі артады.

– Балада суицидтік қауіп бар екенін қандай мінез-құлық немесе эмоционалық өзгерістерден байқауға болады?

– Баладағы суицидтік қауіп көбіне оның мінез-құлқы мен эмоционалық жағдайындағы өзгерістерден байқалады. Әдетте мұндай балалар өз-өзінен тұйықталып, бұрын қызығушылық танытқан дүниелерден алыстай бастайды. Олар өзін жалғыз сезініп, өмірдің мәні жоқ екені туралы жиі айтып, болашаққа деген үмітін жоғалтуы мүмкін. Кейбір балалар өлім немесе қоштасу туралы жиі сөз қозғап, айналасына белгі беруге тырысады. Сондықтан мұндай өзгерістерді «өтпелі кезеңнің белгісі» деп елемей қоюға болмайды.

Жасөспірімдік кезеңде құрдастардың ықпалы өте жоғары болады. Бұл жаста балалар көбіне ата-анасынан гөрі, достарының пікіріне көбірек мән береді. Егер олардың ортасы қолдау көрсететін, түсінетін орта болса, бұл психологиялық тұрғыдан оң әсер етеді. Алайда кей жағдайда керісінше, достарының арасында суицид туралы әңгімелердің жиі айтылуы немесе мұндай әрекетті қалыпты құбылыс ретінде қабылдау қауіпі де бар.

Кейбір жасөспірімдердің мақсаты өмірмен қоштасу емес, ата-анасының



назарын аудару немесе өзінің ішкі жан күйзелісін жеткізу болуы мүмкін. Әсіресе эмоционалық жылулықты, махаббатты және түсіністікті жеткілікті сезінбей өскен балалар өздерінің жанайқайын осындай қауіпті әрекеттер арқылы білдіруге тырысады.

Ғылыми зерттеулер де суицидтік мінез-құлықтың еліктеу арқылы таралу қаупі бар екенін көрсетеді. Яғни, бала жақын танысының немесе әлеуметтік желіде тараған осындай оқиғалардың куәсі болғаннан кейін, оны қиындықтан шығудың бір жолы ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл әсіресе өзін жалғыз сезінетін, эмоционалдық қолдауды жеткіліксіз көрген және психологиялық тұрғыдан әлсіз күйдегі балалар үшін қауіпті. Сондықтан ата-аналар мен педагогтер баланың көңіл-күйіндегі, қарым-қатынасындағы немесе мінез-құлқындағы кез келген күрт өзгерісті назардан тыс қалдырмауы қажет. Мұндай белгілерді ерте байқап, баламен ашық сөйлесу және қажет болған жағдайда маман көмегіне жүгіну оның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

– Ата-аналар қандай қателіктерді жиі жібереді және баламен сенімді қарым-қатынасты қалай қалыптастыру керек?

– Баланың суицидтік ойларға баруына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынастың әлсіреуі. Бала үшін ең үлкен тірек – оның отбасы. Егер бала ата-анасының қолдауын сезінсе, кез келген қиындықты еңсеруге әлдеқайда бейім болады. Қазіргі таңда балалардың бойында күйзеліске төзімділік деңгейінің төмендеп бара жатқанын жиі байқаймын. Сондықтан балаға кішкентай кезінен жауапкершілік жүктеп, шыдамдылыққа, қиындықты еңсере білуге тәрбиелеу маңызды. Өмірде кездесетін түрлі эмоцияларды қабылдап, олармен күресуді үйренуі де психологиялық тұрақтылықты қалыптастырады. Сонымен қатар, ата-аналар өз мінез-құлқы мен сөзіне де мән бергені жөн. Егер отбасында үнемі «өліп кетемін», «өмір сүргім келмейді» сияқты

сөздер айтылып жүрсе, бұл баланың дүниетанымына кері әсер етуі мүмкін. Мұндай сөздер суицидтің тікелей себебі болмаса да, оның қалыпты нәрсе ретінде қабылдануына ықпал етуі ықтимал.

Сенімді қарым-қатынас қалыптастыру үшін ата-ана баланың өміріне шынайы қызығушылық танытып, онымен тұрақты байланыста болуы қажет. Ең бастысы, бала қандай жағдай болмасын ата-анасына қорықпай, ұялмай сырын айта алатынын сезінуі керек. Егер бала «мені ұрсады», «мені түсінбейді» деген оймен мәселесін жасыратын болса, ол қиын сәтте ең жақын тірегінен айырылып қалуы мүмкін. Сондай-ақ, жасөспірімнің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спортпен айналысуына жағдай жасау, достарымен араласатын ортасын білу маңызды. Бұл баланы толық бақылауға алу деген сөз емес. Керісінше, оған жасына сай жауапкершілік жүктеп, өзін отбасының маңызды мүшесі ретінде сезіндіру қажет.

Жалпы, суицидке алып келетін себеп әртүрлі. Өр баланың өмірлік жағдайы, психологиялық ерекшелігі

– Бір ғана кеңес айтатын болсам, ең алдымен баланы тыңдай біліңіздер дер едім. Суицид – баланың өмірден кеткісі келгендігінің белгісі емес. Көп жағдайда бұл оның өзіне төзгісіз болып көрінген ауыр психологиялық күйден құтылуға деген талпынысы. Сондықтан ата-ана да, психолог та ең алдымен: «Бала дәл қазір неге төзе алмай жүр? Оның өмірінде қандай қиындық оны осындай ойға итермелеп отыр?» деген сұрақтарға жауап іздеуі қажет. Нақты себепті түсінбей тұрып, мәселені шешу мүмкін емес. Суицидтік ойға барған бала көбіне өзін жалғыз сезінеді. Ол адамдардың ортасында жүрсе де, өзін ешкім түсінбейді, ешкім естімейді, ешкім көрмейді деп қабылдауы мүмкін. Осындай жалғыздық сезімі тереңдеген сайын, баланың психологиялық күйі де күрделене түседі.

Сондықтан әрбір ата-ана баласына өзінің әрдайым жанында екенін, қандай жағдай болмасын қолдау көрсетінін ісімен де, сөзімен де сезіндіруі керек. Кейде баланы қиын ойлардан алып қалатын ең үлкен күш – оны еш айыптамай тыңдайтын, түсінуге ты-

Баладағы суицидтік қауіп көбіне оның мінез-құлқы мен эмоционалық жағдайындағы өзгерістерден байқалады. Әдетте мұндай балалар өз-өзінен тұйықталып, бұрын қызығушылық танытқан дүниелерден алыстай бастайды. Олар өзін жалғыз сезініп, өмірдің мәні жоқ екені туралы жиі айтып, болашаққа деген үмітін жоғалтуы мүмкін. Кейбір балалар өлім немесе қоштасу туралы жиі сөз қозғап, айналасына белгі беруге тырысады. Сондықтан мұндай өзгерістерді «өтпелі кезеңнің белгісі» деп елемей қоюға болмайды.

мен қиындықтарды қабылдауы әрқалай. Сондықтан әрбір жағдайға жеке қарап, баланың ішкі жан дүниесін түсінуге ұмтылу қажет.

– Егер ата-аналарға бір ғана маңызды кеңес беру мүмкіндігі болса, қандай кеңес берер едіңіз?

рысатын және жанынан табылатын бір адамның болуы.

– Құнды кеңестеріңіз үшін рақмет!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ҚОЛДАУ

ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖОҒАРЫ

«Даму» қоры шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады. Ол кәсіпкерлерді қаржылай қолдаудың мемлекеттік және меншікті бағдарламаларының операторы болып табылады. Қор өз қызметін еліміздің барлық өңірлерін қамтитын филиалдық желі арқылы жүзеге асырады.

Мәселен, Жамбыл облысындағы аймақтық филиал директоры Мұғазан Қаңлыбаевтың айтуынша, 2025 жылдан 2026 жылғы 1 маусымға дейін 1 006 жобаға мемлекеттік қолдау көрсетілді. Оның ішінде 13,69 млрд теңгенің 133 жобасы субсидиялау арқылы, 33,7 млрд теңгенің 513 жобасы кепілдік беру арқылы, 30,38 млрд теңгенің 360 жобасы шартты орналастыру бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

Мұғазан Нұрмаханұлының сөзіне қарағанда, қор кәсіпкерлерді қаржылай қолдау үшін көптеген бағдарламаларды ұсынуда. Мұндай іргелі жобалардың қатарында «Іскер аймақ» өңірлік бағдарламасы; «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы; ішкі сауда субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары (сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және несиелер бойынша кепілдік беру); несиелер бойынша ішінара кепілдіктер ұсыну тетіктері бар. Осы арада оларға жеке-жеке тоқтала кеткен жөн шығар.

«Іскер аймақ» өңірлік бағдарламасына – микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооператив-

тері болып табылатын заңды тұлғалар қатысады. Ондағы басым сала – өңдеу өнеркәсібі болып белгіленген. Мұндағы шекті несие сомасы – 200 млн теңгені құрайды. Субсидиялау мерзімі – 3 жылға дейін.

Ал «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасына қатысушылар – микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілері. Ең жоғарғы несие сомасы 7 млрд теңге болып белгіленіп, өңдеу өнеркәсібі, туризм, ақпараттық технологиялар және креативті индустрияға басымдық берілген. Қаржыландыру мерзімі инвестициялық мақсаттарға – 120 айға дейін, қайта қаржыландыруға «Іскер аймақ» өңірлік бағдарламасы; «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы; ішкі сауда субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары (сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және несиелер бойынша кепілдік беру); несиелер бойынша ішінара кепілдіктер ұсыну тетіктері бар. Осы арада оларға жеке-жеке тоқтала кеткен жөн шығар.

«Іскер аймақ» өңірлік бағдарламасына – микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооператив-

шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде іске асырылатын жобаларға 1,5 млрд теңгеге дейінгі сома қарастырылған. Инвестициялық мақсаттарға – 5 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жылға дейін субсидиялау мерзімі айқындалған.

Бұл жерде белгілі бір шектеулердің барын да ұмытпауымыз керек. Айталық несие сомасы 500 млн теңгеден асқан жағдайда кәсіпкерге дивидендтер төлеуге тыйым салынады. Тағы бір ескерулігі субсидиялау сауда-ойын-сауық орталықтарына қолданылмайды. Сондай-ақ, бұл жеңілдікті Астана, Алматы және Шымкент қалаларында іске асырылатын жобаларға пайдалануға жол берілмейді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Даму» қоры қарыздарды кепілдендіру құралдарын кеңейту арқылы экономиканың нақты секторын қолдау мақсатында Кепілдік қоры аясында жаңа кепілдендіру бағдарламасын іске қосты. Кепіл жеткіліксіз болған жағдайда 7 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша кепілдік беріледі. Қаржыландырудың ең жоғары сомасы – 7 млрд теңгеге дейін. Кепілдіктің қолданылу мерзімі – қаржыландыру мерзімі аяқталған күннен бастап 5 айдан аспайды.

Даму қоры жанынан «Бәйтерек» холдингінің бірыңғай фронт-кенесі іске қосылды. Енді «Бәйтерек» холдингіне қарасты ұйымдардың (Отбасы банктен басқа) бағдарла-

малары бойынша бір жерден өтінім қабылданып, консультация беріледі. Атап айтқанда: Даму қоры (7 млрд теңгеге дейінгі қолдау құралдары); Қазақстанның даму банкі (7 млрд теңгеден басталатын ірі жобаларды қолдау құралдары); Өнеркәсіпті дамыту қоры (өңдеу саласын қолдау және лизинг құралдары); Экспорттық-кредиттік агенттік (экспорттық жобаларды қолдау құралдары); Qazaqstan Investment Corporation (Private Equity тікелей инвестициялар қорлары және Venture Capital венчурлік қаржыландыру қорлары арқылы үлестік қаржыландыру құралдары).

«Қаржылай қолдаудан бөлек, «Даму» қоры кәсіпкерлерге қаржылай емес қолдау да көрсетеді. «Іскер аймақ» өңірлік бағдарламасы аясында кәсіпкерлік қызметті жаңадан бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін тегін онлайн-оқыту ұйымдастырылады. Оқыту кәсіпкерлердің құзыреттерін арттыруға бағытталған және бизнес ашу мен жүргізу, қаржылық жоспарлау, маркетинг, салық салу, бизнес-жобаларды әзірлеу және мемлекеттік қолдау шараларын алу мәселелерін қамтиды. Сонымен қатар, қор қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында мобильді фронт-офистін жұмысы ұйымдастырылған», – дейді Мұғазан Қаңлыбаев.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӨНЕГЕ

2026 жылы 1 тамызда Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құрылғанына 25 жыл толады. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесін жетілдіру жолындағы маңызды кезеңдерінің бірі.

Еңбегімен елге сыйлы

25 жыл ішінде сот экономикалық дауларды әділ әрі сапалы қарау арқылы құқық үстемдігін қамтамасыз етуге, кәсіпкерлік ортаның тұрақтылығын нығайтуға және инвестициялық ахуалды жақсартуға өз үлесін қосты. Сот ұжымы кәсібилік пен адалдық қағидаттарын берік ұстанып, азаматтар мен бизнес қауымдастықтың сеніміне ие болды. Осы жылдар ішінде сотта өз ісінің білікті мамандары еңбек етті. Олардың қажырлы еңбегі мен мол тәжірибесі сот төрелігінің сапасын арттыруға ықпал етті. Ардагер судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық. Соның бірі – Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының отставкадағы судьясы Аяғөз Дәулетбайқызы.

Аяғөз Дәулетбайқызы 1960 жылы 26 желтоқсанда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын кадр бөлімінің инспекторы қызметінен бастаған ол, кейіннен заң саласының барлық сатыларынан өтіп, адвокаттура, сот жүйесінде табанды еңбек етті. 1991 жылдан бастап судьялық қызметке тағайындалып, Ағадыр аудандық сотының халық судьясы, одан кейін Шет аудандық сотының судьясы, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрылған күннен бастап осы сотта қызметін абайроймен атқарды.

28 жылдан астам судьялық тәжірибесі, 40 жылға жуық жаппы



еңбек өтілі бар Аяғөз Дәулетбайқызының кәсіби біліктілігі көпке өнеге. Ол әрдайым заң талаптарын қатаң сақтап, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда әділ шешімдер қабылдап, әріптестері мен қоғам арасында зор құрметке ие болды. Мемлекет пен сот жүйесі оның еңбегін жоғары бағалап, «Мінсіз қызметі үшін» 3 дәрежелі медалімен, Судьялар одағы мен Жоғарғы Сот төрағасының Құрмет грамоталарымен, «Үш би» құрмет белгісімен және бірқатар алғыс хаттармен марапаттаған. Бүкіл саналы ғұмырын заңдылық пен әділдікке арнаған Аяғөз Дәулетбайқызының кәсіби жолы, адал еңбегі мен өмірлік ұстанымы кейінгі буын судьялар мен сот қызметкерлеріне әрқашан өнеге болып қала береді.

Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының баспасөз қызметі

БЕЗБЕН

ҚҰҚЫҚ ӘЛІППЕСІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТҚАН ДҰРЫС ПА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл пән оқушыларға өмірде кездесетін нақты жағдайларды шешуге көмектесетін тәжірибелік бағытта жүргізілсе, оның пайдасы зор болады деп ойлаймын. Өйткені қауіпсіздік ережелерін білу – әр адамның өміріне қажет дағды.

«Жаңа пәндер өмірлік дағды қалыптастыруы тиіс»

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Гүлмира Жайымбаеваның айтуынша, мектептегі білім беру жүйесі заман талабына сай үнемі жаңарып отыруы қажет. Оның пікірінше, жаңа пәндер оқушылардың тек теориялық білімін толықтырып қана қоймай, өмірлік тәжірибесіне де оң әсер етуі керек.

– **Гүлмира ханым, жаңа пәндердің енгізілгені дұрыс па?**
– Бүгінде балаға тек пәндік білім беру жеткіліксіз. Қазіргі қоғамда әр адам өз құқығын біліп, заңды құрметтеп, түрлі өмірлік жағдайда дұрыс шешім қабылдай алуы қажет. Сондықтан мектеп бағдарламасына «Конституция негіздері» мен «Жеке қауіпсіздік» сияқты пәндердің енгізілуін қолдаймын. Мектеп – баланың тұлға болып қалыптасатын алғашқы ортасы. Дәл осы кезеңде оның дүниетанымы, жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымы орнығады. Егер оқушы мектеп қабырғасынан бастап өз құқықтары мен міндеттерін меңгерсе, ол болашақта заңды құрметтейтін, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін азамат болып өседі.

– **Жаңа пәндердің оқушыларға берер ең үлкен пайдасы не?**
– Бұл пәндер балалардың өмірлік сауаттылығын арттырады. Кейде оқушылар қарапайым құқықтық мәселелерді немесе қауіпсіздік ережелерін

білмегендіктен қиын жағдайларға тап болып жатады. Ал мектепте осындай білім жүйелі түрде берілсе, олардың көптеген қатердің алдын алуға мүмкіндігі болады. Сонымен қатар қазіргі балалар интернетті өте белсенді пайдаланады. Олар әртүрлі ақпаратқа тап болады, кейде жалған ақпаратқа сеніп қалады немесе кибербуллингтің құрбаны болуы мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік туралы білімнің бүгінгі күні маңызы бұрынғыдан да артып отыр.

– **Кейбір ата-аналар оқу жүктемесі көбейіп кетеді деп алаңдайды. Бұл пікірмен келісесіз бе?**
– Мұндай пікірдің де жаны бар. Дегенмен, мәселе пәннің санына емес, оның қалай оқытылатынына байланысты деп ойлаймын. Егер жаңа пәндер оқулықтағы мәтінді жаттатумен шектелсе, әрине, оқушыға ауырлық түсіреді. Ал егер сабақтар пікірталас, жағдаяттарды талдау, тәжірибелік тапсырмалар арқылы ұйымдастырылса, балалар оны қызығушылықпен қабылдайды. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – ақпаратты жаттау емес, алған білімді өмірде қолдана білу. Сондықтан бұл пәндердің мазмұны да осы бағытта құрылуы тиіс.

– **Бұл пәндерді оқытуда ата-ананың ролі қандай?**
– Бала тәрбиесі тек мектептің міндеті емес. Мұғалім мен ата-ана бірлесіп жұмыс істегенде ғана жақсы нәтиже болады. Үйде де баламен заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, интернет мәдениеті, қауіпсіздік ережелері туралы жиі әңгімелесу қажет. Сонда мектепте алған білім отбасы тәрбиесімен ұштасып, баланың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналады. Осындай жүйелі жұмыс арқылы ғана біз өз ойын ашық жеткізе алатын, жауапкершілігі жоғары, құқықтық сауатты әрі саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

Бүгінгі балалар ақпаратты қайдан алады? Олар өзіне керекті мәліметтерді кімнен сұрайды? Бұл сауалдың жауабы анық. Қазіргі жастардың көп қарайтын, өзіне қажеттіні жиі іздейтін, өзін толғандырған сұрақтарға толымды жауап алатын негізгі алаңы – ғаламтор.

БАЛАЛАР ӨЗІНЕ КЕРЕГІН ҒАЛАМТОРДАН ТАУЫП ОТЫР

Қазақстанда интернетті пайдаланатын 6 жастан 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі 92,2%-ға жетті. Қаладағы балалар арасында бұл көрсеткіш 95,9%-ды, ал ауылдық жерлерде тұратындар арасында 87%-ды құрап отыр. Кішкентай ізденімпаздардың көбінесе YouTube, TikTok және стриминг платформаларындағы контентті

Ал жасөспірімдер Let's Plays, Roblox, Minecraft және Brawl Stars сияқты бейне ойындарды бірігіп ойнап, челленджер мен влогтарды ұнатады. TikTok және YouTube-тағы қысқаметражды фильмдерге деген қызығушылықтың да жоғары екені байқалады. Қысқаметражды, динамикалық бейнелер, музыкалық



көретінін байқау қиын емес. Себебі, бұл алаңдар балалар сұранысына сай контент жасайды. Тіпті, әр сынып, әр жастағы балалардың қажеттілігін ескере отырып ақпарат әзірлейтіндер бар. Олар өз порталдарының танымалдығын арттырып, жазылушылар санын көбейту үшін мектеп бағдарламасымен бір толқында жүруге күш салады. Мәселен, қазақ тілінен эссе жазу тапсырылса, балалар өзіне қажетті эссенің көңілге қонымды түрлі мәтінін осы контенттерден оңай жүктеп алады. Сол сияқты әр сабаққа бағдарланған порталдар мектеп тапсырмалары бойынша жауаптар дайындап, сынақ кезінде де балалардың киналмай өз іздегенін табуына жағдай жасайды. Мұндай контенттерді «шпаргалкалар» деп атасақ шындықтан алыстай қоймаймыз.

трендтер, юмор және мемдер жастар арасында үлкен сұранысқа ие. Сондай-ақ жасөспірімдер аниме, корей драмалары, американдық және отандық телехикаяларды жиі көреді. Қазақстандағы балалар арасында, әсіресе 10-12 жастағылар арасында қазақ тіліндегі контентті тұтынатындар қатары тұрақты өсіп келеді. Соның нәтижесінде жергілікті анимациялық студиялар және әлемдік фильмдердің премьераларын қазақ тілінде дубляждау YouTube-та миллиондаған қаралым жинап, кинотеатрларда сатылымға шығып жатыр. Десек те балалар мен жасөспірімдердің әлемдік интернет үрдістеріне бейімделіп, орыс және ағылшын тілдеріндегі контентке басымдық беретінін мойындауымыз керек. Өкінішке орай, балаларға ар-

налған шетелдік мықты каналдарды алмастырып, өзіне тартуға отандық мамандардың әлі толық әлеуеті жетпей отыр. «Балапан» сияқты телеарнамыз тынбай ақпарат таратып келе жатқанымен, олардың үнемі жаңа хабарлар ұсынып, бағдарламаларын жиі жаңғырта бермейтіні байқалады. Балалардың тілі қазақша шығып, қазақы таным-түсінікті сіңіріп өсуі үшін бізге «Балапан» сияқты арналармен бірге, ғаламтордағы балалар контенттерін барынша көбейту маңызды. Интернеттегі контенттер, соның ішінде интерактивті сабақтар, білім беру платформалары және білім беру ойындары балалардың дос табуына, пікір алмасуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы алаңдардың көмегімен балалар шығармашылық дағдыларын дамыта алады, өз бетінше блог жүргізіп, тілдерді үйрене алады. Ғаламтор балаларға шексіз білім мен қарым-қатынасқа қол жеткізуге мүмкіндік беріп отырғаны рас. Бірақ бұл алаң балаларға бірқатар қауіп тудыратынын да ұмытпауымыз керек. Интернеттегі ақпаратқа шамадан тыс көп уақыт бөлу баланың күнделікті дағдысын өзгертіп, ұйқысыздық, жүйкесінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Интернетке тәуелділік, кибербуллинг және деструктивті топтарға қатысу қауіп барын да жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар, үнемі ғаламторда уақыт өткізген балалар мен жасөспірімдердің агрессияға бейім болып, мінезі өзгеретіні де шындық. Бұған қоса, экран алдында ұзақ уақыт отыру жастардың белсенділігін төмендетіп, көру қабілетін нашарлататыны, бел ауруы және ұйқының бұзылуына әкелетіні дәлелденіп отыр. Сондықтан балалар контентін сапалы дайындаумен қатар, балалардың денсаулығына залал тигізбеу жағын да ойлау керек.


Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

МЕЙІРІМ

Бұрынғы Каблуков көшесіне бүгінде танымал жазушы Әбіш Кекілбаевтың есімі берілгені белгілі. Алайда осы көшеде орналасқан Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығын әлі күнге дейін «Каблуков» атымен қосақтап айтатындар көп. Міне, осы аты бірден ауыр ойларға жетелейтін аурухана туралы көпшілік жақсы білгенімен, ондағы науқастарға психикалық, медициналық көмек көрсету миссиясын мінсіз атқарып жүрген медицина қызметкерлерінің жұмысынан мүлде бейхабар.

Аурухана мамандарының жұмысы туралы кең көлемді мәлімет беру үшін орталықтың «Жалпы психиатриялық ерлер бөлімінің» ішіне кіруге рұқсат сұрадым. Мұнда науқастар 18 жастан бастап емделеді. Ең үлкен қарияның жасы 65-те. Мен келгенде жедел жәрдем көлігімен жеткізілген науқасқа мейіргер мен дәрігер медициналық көмек көрсетіп жатыр екен. – Диагнозын анықтаймыз. Қазір түсті. Бірнеше аптадан бері түрлі дауыстарды естіп, мазасы болмаған екен. Ұйқысыздық, үрей де пайда болыпты. Ішімдік ішпейді. Намаз оқиды. Қазір науқастың жағдайы бақылауда, – деді мейіргер Айдын Құрманғалиев. Палатаның мандайшасына «катан режим» деп жазылған. Есік алдында санитар Қайрат Әбуов тәулік бойы науқастардан көз алмай, кірпік қақпай күзетеді. Өзге науқастар дәлізде серуендеп жүр, кейбірі футбол көріп отыр. Ал бір палатада екі ер кісі намаз оқып жатыр. Бір науқас жанымға келіп «сізді танымын» деді. Содан соң бетіме ұзақ қарады. Мейіргердің айтуынша 60-тан асқанда инсультқа шалдығып, қазір демекциямен ауырады. Яғни, ұмыт-шаңдық кеселі бар. Тәжірибелі психиатр-дәрігер Анаргүл Күлдібаева бөлімнің тәртібі, аурулардың түрлері, емдеу шаралары бойынша мол мағлұмат берді. Бұл бөлімде жұмыс істейтін медицина қызметкерлері науқастар жайлы деректерді ешқашан жарияламайды, су-

ретке түсірмейді. Ал қыз-келіншектер сақтауға міндетті талап-ережелер өзгеше екен. – Бұл бөлімде науқастардың басым бөлігі соттың шешімімен мәжбүрлі



түрде емделеді. Мұнда жұмыс істейтін әйелдерге қойылатын шектеулер бар. Шашты жинау керек. Қатты боянуға, ашық-шашық киінуге және биік өкшелі аяқ киіммен жүруге болмайды. Етек-жеңі қысқа киімге де рұқсат жоқ. Мойны ашық, әшекей бұйымдарды жарқыратып келуге тыйым салынады. Сырға да түйме тәрізді елеусіз болу керек. Киімнің өте қарапайым, етек-жеңі жинақы болғаны абзал. Оның бәрін біз бұлжытпай қадағалаймыз. Одан бөлек, дәрілер арнайы темірсандықта сақталады, – дейді Анаргүл Күлдібаева.

Дәрігер психиатрдың айтуынша науқастардың басым бөлігі ауыр халде жеткізіледі. Ақыл-есінен адасу, дегибірсіздік көбінесе дәрігер тағайындаған дәріні ішпеуден туындайды.



– Бұл жерге науқастар дерті асқынған жағдайда жеткізіледі. Оларға дәрігер амбулаториялық түрде дәрі тағайындайды. Оны тұрақты ішпеу салдарынан ауруы мендеп, ұйқысыздық мазалап, сандырақтап, психикалық мінез-құлқының бұзылуы өршиді. Шарасыздықтан туыстары жедел жәрдем шақырады. Біздің бөлімге келгенде науқастың ахуалы өте күрделі болып, психомоторлық қозуы, (адамда қатты ішкі шиеленіс пен эмоциялық күйзеліс салдарынан пайда болатын сананың бұзылуы жағдайында болады. Науқас ебедейсіз қозғалыс жасап,

оғаш қылықпен өзіне немесе басқаларға қауіп төндіруі мүмкін) сананың бұзылуы, ашулану, агрессиялық әрекеті құбылмалы болғандықтан, ол ортасына және өзіне қауіп төндіреді. Сондықтан мұндай науқастарды қатаң бақылауда болатын палатаға жатқызамыз. Емдеу үшін алдымен оны тыныштандыру керек, – дейді дәрігер психиатр. «Жалпы психиатриялық ерлер бөлімінде» шизофрения, орталық мидың бұзылуы, мінез-құлқының өзгерістері, психикалық ауытқу, органикалық бастың, мидың бұзылыстары, көңіл-күйдің құбылуы секілді кесел анықталған науқастар емделеді. Анаргүл Күлдібаева көбінесе деменцияға шалдыққан ауруларды туыскандары үйіне әкетуге асықпайды дейді. Олар тіпті телефонына жауап бермейді екен. Мұндай кеселдің ауыр түріне шалдыққан адамдар дәретін қадағалауға қауқарсыз. Сондықтан санитарлар науқастарды жуындырып, тазалығын сақтап, балаша күтеді. Бөлімнің мейіргері Айдын Құрманғалиев әскери бөлімде фельдшер қызметін атқарған. Психиатриялық бөлімде жұмыс істеу жер мен көктей деп пайымдаған мейіргер әрбір науқастың бейнесін түсінеді. – Бұл жерде емделіп жатқандардың көбінін психикасы бұзылған, кейбірінің тұқым қуалайтын ауруы асқынған. Күйзеліс діңкелетіп, өзіне қол жұмсауға оқталғандар, ауруы меңдегендер де бар. Олардың бәрі

«мен саумын» деп сендіруге тырысады. Бірақ өзімен өзі сөйлейді, көзіне түрлі елес көрінеді. Мұның бәрі сырттай бақылау кезінде байқалады. Сол көрген жәйтті өзінен сұрағанда «бір нәрсені есіме түсірмек болдым» деп мойындамайды, – дейді мейіргер. Психиатр-дәрігер Анаргүл Күлдібаева әрбір маманды жұмысқа қабылдайтын кезде ең алғаш негізгі нұсқаулық, ережелермен таныстырып, соны сақтауға уәдесін алу маңызды дейді. Оның айтуынша науқастардың сырқаты асқынғанда адам төзгісіз әрекетіне түсіністікпен қарап, қызмет көрсету, сабырлықты сақтау, өзінің және науқастың өзіне жасайтын қауіп-қатеріне шыдап жүру оңай емес. Осындай қиын жағдайға қарамастан өзіне жүктелген міндетті жауаптылықпен атқарған бөлімнің барлық қызметкері «өз кәсібін шын сүйген азаматтар» десек қателеспейміз. Әрине, бөлімдегі науқастардың жүрісін көріп, көзқарасын байқағаннан кейін бойымды үрей биледі. Оның себебін түсіндіруге сөзім жетпейді. Содан шығар дәрігерлермен сұхбаттасып болғаннан кейін орталықтан тезірек кетуге асықтым. Әрі осы бір күн маған ерекше жандардың жанын түйсіну үшін ерекше мейірімділік, үлкен жүрек керек екенін ұғындырды. Сондықтан өз кәсібін шын сүйген осы аурухана дәрігерлері мен қызметкерлерін бүгінгі күннің батырларына тенедім.

Жазира БЕГАЛЫ

КЕЛБЕТ

БІЛІКТІ СУДЬЯҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ БӨЛЕК

Сот жүйесінде абыройлы қызмет атқарып, кәсіби біліктілігімен, адалдығымен және әділдігімен танылған судья Қасымбеков Мейірхан Зейнікенұлы 70 жасқа толды.

Құқық саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек еткен Мейірхан Зейнікенұлы заң үстемдігін қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосқан тәжірибелі судья. 1980 жылы «Құқықтау» мамандығы бойынша жоғары білім алып, заңгер біліктілігін иеленген әріптесіміздің кәсіби қызметі азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға, әділ сот төрелігін жүзеге асыруға арналды. Еңбек жолын Шет аудандық ауыл шаруашылығы баскармасының аға заңгері ретінде бастап, кейін Жезқазған үйқұрылыс комбинатының заң кеңесшісі, Ұлытау аудандық прокуратурасының тағылымдамашысы және тергеушісі қызметтерін атқарды. Сондай-ақ партия органында жауапты қызметтер атқарып, кейін халық сотында және аудандық соттар жүйесінде басшылық лауазымдарда еңбек етті.

1991 жылдан бастап сот жүйесіндегі қызметі жаңа кезеңге ұлас-ты. Ол Ұлытау аудандық сотының халық судьясы, кейін осы соттың төрағасы болды. Әр жылдары Ұлытау аудандық сотының, Ақтоғай аудандық сотының және Қарқара-



лы аудандық сотының төрағасы қызметін атқарып, сот төрелігінің сапасын арттыруға, заңдылық пен әділдікті нығайтуға елеулі үлес қос-ты. 2017–2019 жылдары Ақтоғай аудандық сотының төрағасы болып қызмет етті.

Мейірхан Зейнікенұлы кәсіби-не адалдығымен, жоғары жауапкершілігімен, талапшылығымен және әділ шешімдерімен әріпте-

стері арасында зор құрметке ие болды. Ол сот төрелігін жүзеге асыру барысында заң талаптарын қатаң сақтап, әр істің мән-жайын жан-жақты зерделеп, әділ шешім қабылдауды басты қағидаты сана-ды. Көпжылдық қызметінде кәсіби шеберлігімен ғана емес, қарапайымдылығы, адамгершілігі және ұстанымына беріктігімен де ерекшеленді. Оның көпжылдық жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалімен және ІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталды.

Қарағанды облыстық сотының судьясы Бағдат Советұлының айтуынша, Мейірхан Зейнікенұлы те-рең құқықтық білімімен, салмақты мінезімен және әділеттілік қағидаттарымен ерекшеленген тәжірибелі судья. Күрделі істерді қарауда байыпты шешім қабылдап, әріптестеріне бағыт-бағдар беріп, ұжымда зор беделге ие болды. Сонымен қатар жас судьяларға кәсіби тәжірибесін үйретіп, өмірлік ұстанымымен де үлгі бола білді.

Мерейлі жасқа келген әріп-тесімізге деген ұжымның құрметі бөлек.

Қарағанды облыстық
сотының баспасөз қызметі

Қарағанды облыстық сотының ардагері, әділ сот төрелігін жүзеге асыру жолында абыройлы қызмет атқарған Тұрысбаев Асқар Қапасұлы жақында 70 жасқа толды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Асқар Қапасұлы еңбек жолын сот жүйесіндегі қызметтен бастап, Жезқазған қала-сының халық сотында тағылымдамадан өтті. Кейін Жезқазған облыстық әділет бөлімінде сот жұмысы жөніндегі кеңесші, Балқаш қалалық халық сотының судьясы, Жаңаарқа аудандық, Жезқазған облыстық соттарының судьясы, ал 1997 жылдан бастап Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметтерін жоғары кәсіби деңгейде атқарды

Асқар Қапасұлының кәсіби қызмет жолы – адалдық пен жауапкершіліктің,

жоғары біліктілік пен азаматтарға деген жанашырлықтың жарқын үлгісі. Ол ұзақ жылдар бойы сот жүйесінің дамуына, заң үстемдігі мен әділ сот төрелігі қағидаттарының нығаюына елеулі үлес қосты. Терең білімі, мол тәжірибесі, байыпты шешімдері мен адамгершілік қасиеттері арқылы әріп-тестерінің құрметіне бөленіп, кейінгі буын судьяларына өнеге бола білді.

Қарағанды облыстық сотының су-дьясы Ләззат Төлеутайқызы әріптесінің жақсы қасиеттеріне тоқтала келе: «Асқар Қапасұлы – сот жүйесінде кәсіби білік-тілігімен, әділдігімен және адамгершілік болмысымен үлкен құрметке ие болған тұлға. Ол саналы ғұмырын заң үстемдігін қамтамасыз етуге арнап, өз ісінде адал-дықтың жарқын үлгісін көрсетті. Ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен парасаттылығы көптеген әріптестеріне, әсіресе жас судьяларға бағыт-бағдар бо-лып келеді» дейді.

Қарағанды облыстық сотының ұжымы қос мерейтой иесін құттықтап, зор денсау-лық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық пен құт-береке тілейді. Сот жүйесіне сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін ардагерлерге айтар алғысымыз көп.

Қарағанды облыстық
сотының ұжымы

ПӘРМЕН

ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ - АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

Сыбайлас жемқорлық экономикалық дамуға, мемлекеттік басқаруға, инвестициялық ахуалға, азаматтардың билік пен құқықтық тәртіп органдарына деген сенім деңгейіне теріс әсерін тигізетін қазіргі қоғамның ең күрделі проблемаларының бірі. Мұндай қылмыспен күрес Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады.

Ел заңнамасына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың мүліктік немесе өзге де игіліктер мен артықшылықтарды алу үшін өз өкілеттіктерін заңсыз пайдалануымен байланысты құқыққа қайшы әрекеттері сыбайлас жемқорлық деп та-нылады. Жемқорлықтың салдарынан азаматтардың заң алдындағы теңдік қағидаты бұзылады, әділетсіздік сезімі қалыптасады, мемлекеттік институттарға деген сенім төмендейді. Адамдар сыбайлас жемқорлықты үйреншікті құбылыс ретінде қабылдай бастайды, бұл болашақ ұрпақ үшін ерекше қауіп төндіреді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтердің айтарлықтай бөлігі электрондық форматта көрсетіледі. Бұл азамат пен лауазымды тұлға арасындағы тікелей байланысты барынша азайтуға мүмкіндік беріп, жемқорлық тәуекелін айтарлықтай төмендетеді. Сыбайлас

жемқорлық тек ірі қылмыстардан ғана басталмайтынын түсіну қажет. Кейде ол адам жеке байланыстарын пайдалана отырып немесе заңсыз сыйақы ұсына отырып, мәселені заңсыз тәсілмен шешуге тырысатын тұрмыстық жағдайларда көрініс табады. Міне, сондықтан жемқорлықпен күрес әрбір адамның заңды сақтау және адал әрекет ету жөніндегі ішкі таңдауынан басталады. Әрбір азамат сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау азаматтық жауапкершіліктің көрінісі екенін және заңдылықты нығайтуға ықпал ететінін түсінуі тиіс. Қоғамдық бақылау, мемлекет пен халық арасындағы ашық диалог, азаматтық қоғам институттарының дамуы жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

Әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өз үлесін қосуға қабілетті. Заңды сақтау, мәселе-лерді шешудің заңсыз тәсілдерінен бас тарту, белсенді азаматтық ұстаным



Марал ШАХХМЕТОВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Глубокое аудандық
сотының төрағасы

және адалдық қағидаттарына құрметпен қарау әділетті, құқықтық және гүлденген мемлекет құрудың негізі болып табылады.

азамат арасындағы жария-құқықтық қатынастарда заң үстемдігін орнықтыруға, мемлекеттік басқарудың құқықтық мәдениетін жетілдіруге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тетігін қалыптастыруға қызмет етіп келеді.

Десек те бұл межемен шектеліп қалуға болмайды. Жаңа реформаны әлі де жетілдіре түсу үшін бірқатар мәселе-лерді шешу маңызды. Соның ішінде сот тәжірибесінен байқап жүргеніміздей мемлекеттік органдардың тыңдау рәсімін толық сақтамайтыны, әкімшілік актілердің жеткілікті дәрежеде уәжде-мейтіні немесе азаматтардың дәлелдері-не тиісті құқықтық баға берілмейтіні байқалады. Бұл түйткіл құзырлы орган-дармен кешенді түрде бірігіп шешуді қажет етеді. Соған сәйкес алдағы уақыт-та әкімшілік рәсімдердің сапасын арт-тыру, әкімшілік актілердің негізділігі мен уәжділігін күшейту, құқық қолдану тәжірибесінің біркелкілігін қамтама-сыз ету және мемлекеттік органдардың құқықтық жауапкершілігін одан әрі арт-тыруға басымдық беру аса маңызды.

Гүлім Мұқанова,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

РЕФОРМА

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ: ЖЕМІСТІ,НӘТИЖЕЛІ 5 ЖЫЛ

Әкімшілік әділет институтының енгізілуі жария-құқықтық қатынастарды жаңа құқықтық деңгейге көтергені рас. Оның себебі де айқын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген бұл институт үлкен ізденіс пен тыңдырымды зерделеудің жемісі.

Әкімшілік әділеттің қазақстандық моделі әлемдік тәжірибені жан-жақты саралап, таразылау нәтижесінде қалып-тасты. Әрине, шетелдік тәжірибе дайын күйінде қабылданған жоқ. Ол ұлт-тық құқықтық жүйенің ерекшеліктері, мемлекеттік басқару құрылымы және қоғамның сұранысы ескеріле отырып дайындалды. Ал халықтың талабы мен сұранысына сай әзірленген жобалардың халықтың көңілінен шығары талассыз.

Мұны жақында әкімшілік әділет инсти-тутының 5 жылдығына орай елорда төрін-де ұйымдастырылған форум барысынан да байқауға болады. Осы форумға арнайы қатысқан Президент жаңа институттың жұмысына оң баға беріп, бұл модель мемле-кет пен азамат арасындағы қарым-қатына-сты жоғары сапалық деңгейге көтергенін,

мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін арттырып, халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтқанын атап өтті.

Жемісті, нәтижелі бес жыл аралығында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттегі ең көп қолданыла-тын заңдардың қатарына қосылды. Со-нымен бірге осы бес жыл ішінде еліміз-де мамандандырылған әкімшілік соттар толық қалыптасып, жария-құқықтық дауларды қараудың бірінғай тәжірибесі орнықты. Ең бастысы, әкімшілік әділет мемлекеттік органдардың шешімдері, әрекеттері немесе әрекетсіздігі салда-рынан құқықтары мен заңды мүдделері шектелген азаматтар мен заңды тұлға-лардың құқықтарын тиімді қорғаудың сенімді құралына айналды.

Бұл институт мемлекеттік билік пен

МЕЖЕ

Істің көзін тапқан, қисықтың тезін тапқан мамандар ғана халық игілігіне жұмыс істеп, елдің шынайы алғысына бөленеді. Сот қызметін сапалы ұйымдасты-ру бағытында еселі еңбек етіп жүрген Сот әкімшілігінің аймақтық құрылымдарына артылар жауаптылық та жоғары, жүктелер міндет те ауқымды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Сот әкімшісінің жұмысындағы негізгі басымдық салаға талапты, із-денімпаз, білікті мамандарды шоғырландыруға бағытталған. Себебі «Іс тетігін кадр шешеді» демекші, алдыға қойылған мақсат-межелердің дұрыс орындалып, оң нәтиже беруі мамандардың білімі мен еңбекқор-лығына тікелей байланысты. Сондықтан, кадрларды іріктегенде кәсіби білімге ғана емес, мамандыққа деген сүйіспеншілікке, өз ісіне қаншалықты жауаптылықпен қарайтынына назар аударылады.

Бұған қоса департамент сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша жұмыстарды қамта-масыз етіп, сот әкімшілігі маман-дарының әдептілік нормаларынан аттамауына мән береді. Сот қыз-меткерлерінің білімін тереңдетіп, тәжірибесін шыңдау, кәсіби шебер-лігін арттыру бағытындағы жұмыс-стар да бір сәт назардан тыс қалған емес. Сот әкімшілігінің басшылары сот мамандарының біліктілігін кө-теруге жағдай жасаумен қатар, сы-байлас жемқорлықтың алдын алу, азаматтармен сенімді қарым-қаты-нас орнықтыру, жаңа технология жетістіктерін қолдану, сот отыры-старының хаттамаларын сауатты толтыру секілді көптеген маңызды тақырыптарда семинар, дәрістер өт-кізеді.

Судьялардың сот төрелігін жү-зеге асыру жөніндегі қызметін ұй-ымдастыруды қамтамасыз ету де сот әкімшілігі қызметкерлерінің ба-сты міндеті. Сот қызметкерлері сот отырыстарына қатысушылардың қауіпсіздігіне кепіл болып қана қой-май, мемлекеттік құпия мен ақпа-раттық қауіпсіздікті қорғау жөнін-дегі жұмысты қамтамасыз етеді. Сот приставтарының қызметін үй-лестіріп, әрбір сот процесінің Қа-зақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен және мерзімде өтуін қадағалайды.

Сот әкімшілігі – сот саласының тірегі. Қазіргі таңда департамент сот ғимараттарын жөндеу, соттар-ды кеңсе техникасымен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтама-сыз етуден бастап, қауіпсіздікті сақтауға дейінгі қызметтерді сапа-

лы үйрлестіріп отыр. Әсіресе сот әкімшісінің сот процесін ұйымда-стыруға жауапты маманына жүк-телген міндеттер ауқымды. Сот ма-мандары – сот процесін дайындау мен ұйымдастыруға бағытталған судьяның заңды тапсырмаларын орындайтын мемлекеттік қызмет-ші. Ол істі тиісті рәсімдеп қоймай, процестік құжаттардың жобаларын дайындайды. Әрбір сот ісінің өз мезгілінде, ешбір кедергісіз өтуі сот маманының кәсібилігіне тіке-лей байланысты. Сот отырысының хатшысы сотқа қатысушылардың уақытылы процеске келіп, сот тәртібін сақтауын қамтамасыз етіп сот хаттамасының сауатты, сапа-лы әзірленуіне жауап береді. Ал сот приставына сот ғимаратындағы және отырыс залындағы тәртіпті, судьялар мен процеске қатысушы-лардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелген.

Уақыт алға жылжыған сайын сот қызметін ұйымдастыруға ғана емес, сот қызметкерлерінің өзіне қаты-сты қойылатын талап пен міндет өсіп келеді. Бүгінгі сот қызметкер-лері цифрлық жүйелерді жетік мең-геріп, жасанды интеллект жанашыл-дықтарынан жан-жақты хабардар болуы тиіс. Мұндай өзгерістер сот отырыстарын ұйымдастырудағы қиындықтарды жеңілдетуге, істерді оңтайландыруға көмегін тигізеді. Сот процестерін онлайн-трансля-циялау және электрондық форматта құжаттарды қабылдау сот төрелі-гінің ашықтығын арттыратын не-гізгі индикаторлардың бірі болып табылады. Сондықтан сот жұмысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар-дың жаңа технологиядан да жан-жақты хабары болғаны, тәжірибеде қолдана білгені абзал. Яғни, сот қыз-меткерлерінің кәсібилігі – бұл сот төрелігінің тиімділігін қамтамасыз ететін, сот беделін көтеретін алғы-шарт.

Салтанат ДЮСЮПОВА,
Шығыс Қазақстан
облысы
Самар аудандық
сотының сот
әкімшісі басшысы

СОТ СӨЙЛЕСІН

Қазіргі құқықтық мемлекетте сот төрелігінің тиімділігі тек сот шешімдерінің сапасымен емес, сонымен қатар дауларды шешудің балама жолдарының дамуымен өлшенеді. ХХІ ғасырдағы жаһандық тенденциялар дауларды тек сот арқылы шешудің моно-полиясынан бас тартуды көздейді. Сот жүйесінің шамадан тыс жүк-телуі, сот процестерінің созылмалы сипаты және сот шешімдерінің көбінесе тараптар арасындағы қарым-қатынасты түпкілікті үзіп тас-тауы медиацияны дамытуды объективті қажеттілікке айналдырды. 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заң дауларды сотқа дейінгі және сот көзінде шешудің ең тиімді құралының бірі – меди-ация – бітімгерлік деп бекітті.

Медиация – бұл медиатордың қаты-суымен дауласушы тараптардың өз-ара тиімді келісімге келуіне бағытталған ерікті процесс. Оның құқықтық негізі ке-лесідей базалық принциптерге сүйенеді: - Еріктілік – тараптардың процесске өз еркімен кіруі және шешім қабылдауы; - Құпиялылық – даудың мән-жайы мен келіссөздердің жария етілмеуі; - Тараптар теңдігі – келіссөз бары-сында тараптардың құқықтық мүмкін-дігінің тең болуы; - Медиатордың бейтараптығы – ме-

диатордың даудың нәтижесіне мүдделі еместігі.

Ғылыми доктринада медиация «қал-пына келтіруші әділет» элементі ретін-де қарастырылады. Сот процесі заң бұзушыны жазалауға немесе бір тарап-ты екіншісінің үстінен жеңіске жет-кізуге бағытталса, медиация бұзылған қарым-қатынасты қалпына келтіруге бағытталады. Бұл әсіресе, отбасылық, ең-бек және іскерлік қатынастарда маңызды.

Медиация мен сот әндірісін салыс-тырғанда артықшылық айқын байқала-

МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫ: ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ

ды. Әсіресе, медиация «Транзакциялық шығындар теориясы» тұрғысынан өте тиімді. Ол мемлекеттік баж салығын, ад-вокаттық қызмет ақысын және сарапта-малық шығындарды еселеп төмендетеді.

Азаматтық процестік кодекске сәйкес, медиациялық келісімге қол жеткізген жағдайда мемлекеттік баждың қайта-рылуы тараптар үшін айтарлықтай эконо-микалық ынталандыру болып табылады.

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық со-тында 2026 жылдың бірінші жартыжыл-дығында 100 медиабельді талап қою түскен. Оның ішінде 10 талап қою қай-тарылған, 76 іс аяқталып, оның ішін-де 40 азаматтық іс бойынша тараптар медиативтік келісімге келіп, іс жүргізу өндірістен тоқтатылған, 36 талап қою бойынша шешім қабылданған. Бұл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен са-лыстырғанда жоғары көрсеткіш.

Медиация институтының әлеуеті жоғары болғанымен, оны жүзеге асыру-

да бірқатар кедергілер бар:

1). Құқықтық нигилизм және стере-отиптер – азаматтардың басым бөлігі «сот арқылы ғана әділдікке жетуге бо-лады» деп санайды.

2). Медиаторлардың кәсібилігі – меди-атор – тек заңгер емес, ол психолог, сөйле-су шебері және конфликтолог болуы тиіс.

3. Ақпараттық вакуум – медиация-ның пайдасы туралы халыққа түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігі.

Соған орай медиаторларды даярлау-дың сапасын жетілдіру, кейбір катего-риядағы даулар (мысалы, отбасылық) бойынша медиациядан өтуді міндетті ету тәжірибесін қарастыру, соттарда ме-диациялық кабинеттердің рөлін күшей-тіп, оны сотқа дейінгі негізгі процедура ретінде насихаттау кезек күттірмейді.

Биыл «Медиация туралы» заңның қабылданғанына 15 жыл. Бұл заң өзінің қажеттілігін дәлелдеді, себебі меди-ация – тек сот жүктемесін азайту құралы

емес, қоғамдағы дауласушылық дең-гейін төмендетудің және мәдениетті диалогты дамытудың басты тетігі. Ол Қазақстанның құқықтық архитектура-сын жаңғыртудың кілті болып табыла-ды. Медиацияны «дауларды шешудің баламасы емес, бірінші кезектегі тәсілі» ретінде қоғамдық санаға сіңіру арқылы біз сот төрелігін «жазалау немесе актеуі» жүйесінен «келісу және түсіні-су» жүйесіне көшіре аламыз. Осы мақ-сатқа жету үшін соттарда медиациялық кабинеттердің рөлін одан әрі күшейтіп, оларды сотқа дейінгі дауларды реттеу-дің негізгі және ең тиімді процедурасы ретінде кеңінен насихаттау қажет. Бұл қадамдар азаматтардың құқықтық мәде-ниетін көтеріп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға сөзсіз үлес қосады.

Сауле ТАНИМОВА,
Ақтөбе облысы Ойыл аудандық сотының төрағасы

ТАРАТУ

5. «b2b-Astana» ЖШС (БСН 130540007605) (040707, ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Өнеркәсіптік аймақ, 71-разъезд, 7-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-тілектері хабарланды-ру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 135, «Жібек Жолы» бизнес орталығы, 1-блок, 10-қабат. Тел. +7 747 250 98 47.

6. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт минис-трлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мем-лекеттік кәсіпорнының Алматы облысы бойынша филиалы (БСН 250141016878) (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, Кемертоған ауылы, Есептік орам 117, 853-күрлысы) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қа-былданады: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 59, 432-каби-нет. Тел. +7 702 298 30 23.

9. «Basilic Group» (Базилик групп) ЖШС (БСН 181040020319) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-тілектері хабарландыру жария-ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойын-ша қабылданады: Алматы қаласы, Сүйінбай көшесі, 33.

11. «Жаңаөзен мұнай өнеркәсібі мердігерлік ұйымдар жұмысшыларының кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі (БСН 160240001998) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күн-нен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабыл-данады: ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Самал шағынауданы, 11-үй, 22-пәтер, тел. 8 702 2878224.

14. «G&K Компани» ЖШС (БСН 221240031567) (Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 144А құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Жален Тулепов көшесі, 84-11. Тел. 8 701 979 55 37.

15. «Baylyk Kazyna Factoring» ЖШС (БСН 161240001920) (Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 241-үй, 301-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабар-ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына ме-кенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 245-үй, 2-кеңсе. Тел. +7 777 400 94 90.

16. «Светла» ЖШС (БСН 220840004541) өзінің тараты-латыны туралы хабарлайды. Барлық талап-тілектер хабар-ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 194-үй, 5-пәтер.

17. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауда-ны бойынша білім бөлімінің Жүкей ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (БСН 021240004421) таратылатыны туралы хабарлайды. Креди-торлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылдана-ды: ҚР, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қалас-ы, Біржан сал көшесі, 76.

20. «Кредитное товарищество Динара» ЖШС (БСН 130340025824) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Аты-рау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Жамбыл 2/1 көшесі, тел. 87784991663.

ӘРТҮРЛІ

2. Түркістан облысы Сарыағаш аудандық сотының өн-дірісінде Коробков Николай Николаевичтің Коробков Ни-колай Фёдоровичті, 22.06.1951 ж.т., Шымкент облысы Са-рыағаш ауданы Дарбаза ауылының тумасы, соңғы белгілі жұмыс орны – Шумилово теміржол станциясы, қайтыс болды деп жариялау туралы № 5154-26-00-2/2415 азаматтық ісі қар-алуда. Коробков Николай Фёдоровичтің жүрген жері туралы мәліметі бар тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде бұл туралы Түркістан облысы Сарыағаш аудандық сотына хабарлауды сұраймыз. Соттың мекенжайы: Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, Майлы кожа көшесі, нөмірсіз. Тел. +7 (72537) 2-13-96.

3. Ақмола облысы ААЭС анықтамасымен 10 шілде 2026 ж. «ГАБДУЛЛИНОВА АРМАН СОВЕТОВНА» ЖК-ге қатысты өндірістік оңалту ісі қозғалды, ЖСН 700823450271, мекенжайы бойынша: Астана қаласы, А.Бектуров көшесі, 17/2-16. Тел. 8 705 963 45 48.

7. МҚҰ «TAS FINANCE GROUP» (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС (БСН 100240019642) Қазақстан Республика-сының «Микроқаржы қызметі туралы» заңының талаптарына сәйкес, өзінің қарыз алушыларына, клиенттеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға заңды мекенжайының өзгергені ту-ралы хабарлайды. Жаңа мекенжайы: F54C0Y9 (180600), ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Абылайхан көшесі, 14/1-ғимарат.

8. «Газпром нефть-Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 070540009192) өзінің жарғылық капита-лының азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй. Тел. 339 86 00.

18. Маңғыстау облысы әкімінің 2026 жылғы 16 мау-сымдағы №95 қаулысының негізінде Маңғыстау облысы-ның білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№20 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (БСН 090840015984) Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойын-ша білім бөлімінің «Кешкі (ауысымды) мектеп» коммунал-дық мемлекеттік мекемесін (БСН 990740002520) қосу жо-лымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Бостандық шағын ауданы, Шернияз Маханбетов көшесі, 14А құрылыс, «№20 жалпы білім беретін мектеп». Анықтама тел. 8 (72934) 70095.

21. «AlaFin Микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 240740022728) өзінің орналасқан жері келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-1, 28-ғимарат, №9-кабинет, индекс 050059. Тел. 8 707 630 74 16.

22. «Вкусвилл Казахстан» ЖШС (БСН 231040027308) («Серіктестік»), Серіктестік қатысушыларының жалпы жина-лысы (Серіктестік қатысушыларының 2026 жылғы 6 шілде-дегі кезектен тыс жалпы жиналысының № 2/2026 хаттамасы) Серіктестікті тарату туралы шешім қабылдағанын хабарлай-ды. Кредиторлардың наразылықтары (талаптары) осы хабар-ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен-жай бойынша мәлімделуі мүмкін: 050040, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280-үй, e-mail: konstantin.kosmatov@vkusvill.ru, тел. +7 (705) 726-03-28.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71
Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18
Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қой-келді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький кө-шесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек-тор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Жел-тоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай кө-шесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-
info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтол-
қын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz,
Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.
Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/
WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.
infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек
Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ БІТІМГЕРЛІК БАСТАМАЛАР

САУАТТЫ КЕЛІССӨЗ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИАЛОГТЫ НЫҒАЙТАДЫ

XI ғасырдың алғашқы ширегі аяқталуға жақындаған са-
йын өлем жаңа әрі күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет
келуде. Украинадағы соғыс, Таяу Шығыстағы қақтығыстар,
Үндістан мен Пәкістан арасындағы шиеленіс, Африкадағы қа-
рулы жанжалдар, терроризм, заңсыз көші-қон, азық-түлік пен
су қауіпсіздігі мәселелері халықаралық қатынастар жүйесін
бұрынғыдан да күрделендірді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, бүгінде әлемнің ондаған елінде қарулы қақтығыс жүріп жатыр, ал жүз миллионнан астам адам босқынға немесе мәжбүрлі қоныс аударушыға айналған. Мұндай жағдайда бейбітшілік мәселесі жекелеген мемлекеттердің ғана емес, бүкіл адамзаттың ортақ жауап-кершілігіне айналды. Осындай күрделі кезеңде Қазақстан әскери күшке емес, диалогқа, сенімге және халықаралық құқыққа сүйенетін сыртқы саясат жүргізіп келеді. Бұл – еліміздің тәуелсіздік алған күннен бергі ұстанымы.

Қазақстанның жаһандық бейбіт-шілікке қосқан ең ірі үлесі – ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы. 1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық сынақ полигоны жабылды. Ал тәуел-сіздік алған кезде Қазақстан аумағын-да 1 400-ден астам ядролық оқтұмсық және құрлықаралық баллистикалық зымырандар орналастырылған еді. Бұл

әлемдегі төртінші ірі ядролық арсенал болатын. Қазақстан бұл қарудан толық бас тартып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды. Кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастама-сымен 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық күн деп жариялады. Бұл қадам еліміздің халықаралық бе-делін арттырып қана қоймай, сенімге құрылған дипломатияның негізін қала-ды.

Соңғы жиырма жылда Қазақстан ха-лықаралық келіссөздер өтетін сенімді алаң ретінде танылды. 2003 жылдан бері Астанада Әлемдік және дәстүрлі дін-дер көшбасшыларының съезі өткізіліп келеді. Форумға ислам, христиан, иу-даизм, буддизм және басқа конфессия-лардың жетекшілері қатысып, дінара-лық сенім мен бейбіт қатар өмір сүру мәселелерін талқылайды. 2013 жылдан бастап Сирия мәселесі бойынша Астана процесі ұйымдастырылып, қақтығы-

сушы тараптардың тікелей диалогы-на мүмкіндік жасалды. Бұл келіссөздер барлық түйінді шешіп бермесе де, ди-пломатиялық ынқатысудың үзілмеуіне ықпал етті. Қазақстан сондай-ақ Ауған-станды әлеуметтік-экономикалық қол-дау, өңірлік қауіпсіздік және гумани-тарлық ынтымақтастық мәселелерінде тұрақты түрде халықаралық бастамалар көтеріп келеді.

Қазақстанның халықаралық беделін айқындаған маңызды кезеңдердің бірі – 2017–2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануы. Бұл – Орталық Азия елдері арасындағы алғашқы тәжірибе. Осы кезеңде Қазақстан терроризмге қарсы күрес, жаппай қырып-жою қаруын та-ратпау, Ауғанстандағы тұрақтылық, О-рталық Азиядағы су және энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін халықаралық күн тәртібіне шығарды.

Қазақстан ұсынған халықаралық бастамалардың бірі – терроризмнен азат әлемге қол жеткізу жөніндегі мі-нез-құлық кодексі. Бұл құжатқа көпте-ген мемлекет қосылып, халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге бағыт-талған маңызды саяси құралдардың біріне айналды.

Қазіргі халықаралық саясатта «орта



державалар дипломатиясы» ұғымы жиі айтыла бастады. Мұндай мемлекеттер ірі державалар арасындағы қарама-қай-шылықтарды ушықтырмай, келіссөз жүргізуге қолайлы жағдай қалыптасты-руға ұмтылады. Қазақстан дәл осындай саясат жүргізіп келеді. Мемлекетіміз Ре-сеймен, Қытаймен, Еуропалық одақпен, АҚШ-пен, Түркі мемлекеттері ұйы-мымен, Ислам ынтымақтастығы ұйы-мымен және басқа серіктестермен тең-герімді байланыс орнатуға күш салады.

Қазіргі кезде бейбітшілік ұғымы-ның мазмұны кеңейді. Ол тек қарулы қақтығыстың жоқтығын ғана білдір-мейді. Бүгінгі халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, бейбітшілік тек ірі державалардың еркіне ғана тәуел-ді емес. Орта мемлекеттердің жауапты ұстанымы, дипломатиялық белсенділі-гі және сенім қалыптастыруға бағыт-талған бастамалары да халықаралық тұрақтылыққа айтарлықтай ықпал етеді. Қазақстанның ядролық қарусыздану са-ясаты, халықаралық диалогты дамытуы,

дінаралық келісімге қосқан үлесі, БҰҰ аясындағы қызметі және бітімгерлік миссияларға қатысуы – еліміздің осы жауапкершілікті саналы түрде мойнына алғанын айғақтайды.

Әлемдегі геосаяси ахуал жақын жылдары оңай тұрақталмайтыны анық. Сондықтан мемлекеттер үшін сенімге негізделген дипломатия бұрынғыдан да маңызды болмақ. Бұл орайда Қа-зақстанның жаһандық және бітімгерлік бастамалары – халықаралық аренадағы беделді арттыру құралы ғана емес, олар бейбітшілік мәдениетін қалыптасты-руға, адам өмірінің құндылығын қорға-уға және тұрақты халықаралық тәртіпті сақтауға бағытталған ұзақмерзімді стра-тегиялық саясат болмақ. Қазіргі жағдай-да күштің емес, келісімнің тілі үстем болуы тиіс. Қазақстан ұстанып отырған көпвекторлы, бейбіт әрі жауапты сырт-қы саясаттың басты құндылығы да – осы.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

СУ – ЫРЫСТЫҢ КӨЗІ

Су саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға ар-
налған көшенді жоспары аясында Қазақстан-
ның барлық өңірінде гидротехникалық құрылыстарды
салу және реконструкциялау бойынша бірқатар ірі ин-
фрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Со-
ның нәтижесінде 975 тұрақты және 1866 уақытша жұмыс
орны құрылмақ.

«Жаңа жұмыс орындарының ашылуы өңірлердегі, әсіресе ауылдық жерлердегі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етеді. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту салаға жаңа білікті мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда су мамандығы бойынша шама-мен 2,7 мың студент білім алып жатыр. «Қазсуар» РМК фили-алдарында өндірістік тәжірибе-ден өтетін студенттер саны да артып келеді. Бұдан бөлек, сала қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру бойын-ша жұмыстар тұрақты жүргізіліп жатыр», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұр-жан Нұржігітов.

2024 жылы бекітілген Су саласын дамытудың кешенді жоспары бойынша жаңадан 42 су қоймасын салуға кірісіп, қол-даныстағы 37 су қоймасын қай-та жаңғыртылды. Қазіргі уақыт-та үш жаңа су қоймасының құрылысы басталды. Түркістан облысында екі су қоймасының құрылысы аяқталуға жақын. Министрлік екі су қоймасын салуға арналған жоба құжатын әзірлеуді аяқтап, 13 нысанды салуға құжат әзірлеп жатыр. Сондай-ақ бес су қоймасын қай-та жаңғырту жұмысы аяқталды. Бұдан бөлек, 18 нысан бойын-ша қажетті құжаттар әзірленіп жатыр.

2024–2025 жылдары 1,5 мың шақырым каналды рекон-струкциялау және жаңғырту жұ-мыстары аяқталды. Биыл жыл соңына дейін жалпы ұзындығы 962 шақырым каналды пайда-лануға беру жоспарланып отыр.

Бұл шамамен 200 мың гектар суармалы жердің сумен қамта-масыз етілуін жақсартуға мүм-кіндік береді. Мәселен, екі жыл-да салаға тартылған инвестиция көлемі 676,7 млрд теңгені құра-ды. Оның 400 млрд-ы былтыр жұмсалды. Бұл жоспарланған көрсеткіштен 22 пайызға жоға-ры. Егер 2021–2023 жылдары су саласына 569 млрд теңге ин-вестиция тартылғанын ескер-сек, бұл жоғары көрсеткіш де-уге болады. Соңғы екі жылда 1500 шақырым канал бетонда-лып, каналдарды механикалық тазарту жұмыстары жанданды. Тазартылған каналдардың жал-пы ұзындығы 3158 шақырымға жетті. 2023 жылы 678 шақырым ғана канал тазартылған болатын.

Былтыр суармалы егіншілік-те су үнемдеу технологияларын енгізудің арқасында 874 млн текше метр су үнемделді. Бұл жоспарланған 728 млн текше метр көрсеткіштен 20 пайызға артық. Су үнемдеу технология-ларын енгізу қарқыны да айтар-лықтай өсті. 2024 жылға дейін мұндай жүйелер жылына орта есеппен 30 мың гектар жерге ен-гізіліп келсе, 2024–2025 жылда-ры көрсеткіш жылына 150 мың гектарға дейін жетті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша елімізде су үнемдеу технологиялары қолданылатын жер көлемі 543,5 мың гектар-ды құрады. 2030 жылға қарай мұны 1,3 млн гектарға дейін не-месе республикадағы суармалы жерлердің жалпы көлемінің 70 пайызына жеткізу жоспарланып отыр.

Әсем САТҚЫНОВА

ПӘРМЕН

ЖЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Жамбыл облысының жер қоры 14,4 млн гектарды құрайды. Оның 4609,1 мың гектары ауыл шаруашылық мақсатындағы жер-лер; 4420,5 мың гектары орман қорының жерлері; 1512,9 мың гек-тары босалқы жерлер; 845,1 мың гектары елді мекендердің жерлері; 356,2 мың гектары су қорының жерлері; 183,3 мың гектары өнер-кәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс мақсатындағы жерлер; 11,6 мың гектар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

– Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу мәселесі қолданы-стағы заңнамаларға сәйкес жүргізіліп шешімін табуда. 2022–2025 жылдар аралығында пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы мақса-тындағы жалпы алаңы 597,9 мың га жер мемлекет меншігіне қайта-рылды. 2026 жылға жоспар 40 мың гектар болып бекітіліп, бүгінгі күнге 47,5 га мемлекет меншігіне қайтарылды. Ауылдағы ортақ пай-даланудағы жайылымдарды кеңейту мақсатында бос жатқан 403,5 мың гектар жайылым жер таңдалып, аудандық мәслихаттар 322,0 мың гектарды бекітіп берді. 81,5 мың гектар жайылым алқабына жерге орналастыру жұмыстары жүргізілуде. Жерді қайта айналымға қосу мақсатында ағымдағы жылдың есепті кезеңінде 6 конкурс өт-кізіліп, 9,2 мың га ауыл шаруашылық жерлері айналымға тартылды,

ОҢ ҚАДАМ

ҚҰЖАТТАРДЫ ОНЛАЙН АЛУ ОҢАЙ

Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚКО) 12 шілдеден бастап жер
учаскелеріне мемлекеттік актілерді беру жөніндегі мемлекеттік қызмет
көрсетіледі. Енді мемлекеттік актіні рәсімдеуге өтінімді тек eGov.kz порталы
арқылы ғана беруге болады. Бұл өзгерістер Ауыл шаруашылығы министрлі-
гінің бұйрығына сәйкес күшіне өнді. Қызметті алу үшін пайдаланушы eGov.kz
порталына кіріп, жер учаскесіне мемлекеттік актіні беру қызметін таңдап, қа-
жетті мәліметтерді толығын, өтінімге электрондық сәйкестендірудің қолжетімді
тәсілдерінің бірі арқылы қол қоюы қажет. Өтінім қаралғаннан кейін дайын нәти-
же пайдаланушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

«Бұған дейін жер учаскесіне мемлекет-
тік актіні алу үшін азаматтар ХҚКО-ға жеке
жүгінуге міндетті болатын. Қазіргі таңда
мұндай қажеттілік жойылды, өйткені өтінім-
дердің 96%-ы онлайн форматта беріледі, ал
12 шілдеден бастап қызмет көрсету процесі
толықтай цифрлық форматқа көшірілді.
Енді eGov.kz порталында өтінім беріп, оған
ЭЦҚ арқылы қол қойып, дайын құжатты
жеке кабинеттен алу жеткілікті. Осыған
ұқсас тәсілмен сұранысқа не ТОП-10 мем-
лекеттік қызметті цифрландыру жұмыста-
ры жүргізілуде. Бүгінде бұл тәсіл нақты
нәтижесін көрсетіп отыр: ХҚКО оператор-
ларына түсетін жүктеме 30%-ға төмендеді.
Соның нәтижесінде мындаған азамат мем-



лекеттік қызметтерді ХҚКО-ға бармай, кезек
те күтпей-ақ әлдеқайда жылдам ала бастады»,
– дейді Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігінің бірінші вице-министрі
Ростислав Коняшкин.

Бүгінде онлайн форматта қолжетімді
мемлекеттік қызметтер қатарында жылжы-
майтын мүлікке техникалық паспорт пен
оның телнұсқасын беру, электрондық цифр-
лық қолтаңба (ЭЦҚ) алу, тұрғылықты жері
бойынша тіркелу, жүргізуші куәлігін алу,
еңбек ету үшін көшіп келушілерге рұқсат
беру және олардың қолданылу мерзімін
ұзарту сияқты қызметтер бар. Егер азаматта
қызметті онлайн алуға мүмкіндік болмаса,
ол ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету ай-
мағын пайдаланып, мемлекеттік қызметті
дербес рәсімдей алады.

Бұл қызметті толықтай онлайн форматқа
көшіру Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі, Ауыл шаруашылығы ми-
нистрлігі, «Ұлттық ақпараттық технология-
лар» АҚ мен «Азаматтарға арналған үкімет»
КЕАК бірлескен жұмысының нәтижесі.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана

Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 98 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31